

Умуркулова Мадина Максимовнаның
«8D01102 – Білім беру психологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу контекстіндегі
студенттердің академиялық күйзелісті жеңу стратегиялары»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстандық және әлемдік қоғамның даму тенденциялары білім сапасын арттыру мәселесінің өзектілігін күшейте отырып, әртүрлі сала мамандарын кәсіби даярлауға жаңа талаптар қойып отыр. Білім саласындағы жұмыстың басым бағыттары туралы айта келе, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында бәсекеге қабілетті маман болу үшін маңызды практикалық дағдыларды меңгеру қажеттілігіне баса назар аударды. Бұл ой Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да көрінеді. Онда Тұңғыш Президентіміз әрбір қазақстандықты сауаттылық пен құзыреттілікке қол жеткізуді өзінің басты мақсаты етіп, ХХІ ғасырда өмір сүру үшін керекті қасиеттерді меңгеруге шақырады.

Бүгінгі еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді дамыту қажеттілігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында да атап көрсетілген. Дәл осындай ой қазақстандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясына маңызды орын беретін «Сапалы білім «Білімді ұлт» ұлттық жобасының бағдарламасында да көрініс тапқан.

Заманауи білім беру кәсіби білімдерді, икемділіктер мен дағдыларды дамытумен қатар, оқу іс-әрекетінде және күнделікті өмірде кездесетін қиын немесе анықсыз жағдайларда студенттің табысты әрекет жасауына кепіл бола алатын тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Осы сипаттамалардың ішінде өмірлік қиындықтарды тиімді түрде жеңу қабілетімен байланысты болатын, оқу процесінде туындайтын құбылмалы және болжауы қиын жағдайларға бейімделудің сәтті стратегияларын игеру қабілетімен байланысты болатын күйзеліске қарсы тұру әрекеті, басқаша айтқанда, копинг әрекеті ерекше маңызға ие болады. Осы күрделі мәселені шешу жолдарын іздестіру білім берудің мақсаттарын, мазмұны мен нәтижелерін қайта қарастырумен, білім берудің түрлері мен құралдарын жаңартумен байланысты болып, оқу процесі өтетін білім беру кеңістігіне жіті назар аударуды талап етеді.

Болашақ маманды дайындау процесін қиындататын себептердің барлық түрлерін мұқият талдау негізсіз кадрлық, материалдық және уақыт шығындардың алдын алу тұрғысынан өте маңызды. Осындай кедергілердің бірі – педагогикалық процестің тиімділігіне және оның субъектілерінің тұлғалық дамуына тікелей әсер ететін академиялық күйзеліс.

Орта және тұлғалық факторлардың білім берудің табысты болуына әсер етуінің әртүрлі аспектілері А.М.Акбаева, Д.Г.Бадмаева, Ю.Е.Сосновикова, Н.Г.Гараян, З.Б.Кучина, Э.А.Голубева, Ю.В.Щербатых, А.Б.Холмогорова, А.Ю.Маленова, Я.Г.Евдокимова, Е.Д.Соколова, В.В.Краснова, А.А.Андреева, Е.Д.Красик, Н.Д.Левитов, Е.А.Тарасова еңбектерінде талқыланған.

Сондай-ақ, В.С.-Н.Кuo, Т.Heiman, С.Hodgson, Т.J.Lawson, М.А.Brackett, N.Misra, J.Jung Н.К., D.Kariv, M.Dahlin, В.Andrews, К.Nakano, A.L.Dwyer, M.R.Reyes, S.E.Rivers, J.Simoni сияқты батыс ғалымдарының зерттеулері академиялық күйзелістің теориялық түсінігі мен практикалық талдауына арналған.

Қарастырылатын мәселе бойынша қазақстандық ғалымдардың зерттеулері тар бағытта өткізілген және негізінен академиялық күйзелістің медициналық аспектілеріне назар аударады. Осы бағытта Л.Л.Мацевская, А.А.Нагимтаева, Г.Б.Ниетбаева, С.А.Алимова, З.А.Асқарова, Г.Т.Сраилова еңбектері жасалынған. Осы зерттеулердің ішінде студенттердің оқу іс-әрекетіне, әлеуметтік бейімделуіне және субъективті әл-ауқатына әртүрлі факторлардың әсерін талдайтын бірнеше еңбектер ерекше орын алады. Атап айтқанда, бұл Г.К.Қасымова, Қ.Ж.Төребаева, О.Б.Тапалова, М.Қ.Бапаева сияқты авторлардың еңбектері.

Сонымен қатар, күйзеліс жағдайлармен күресудің әртүрлі тәсілдерін ұсынатын зерттеулер де бар. Осындай зерттеулердің ішінде проактивті копинг деп аталынатын ғылыми психологиялық-педагогикалық кеңістікте жаңадан пайда болған ұғымға арналған еңбектер ерекше қызығушылық тудырады (G.Allport, R.Schwarzer, E.Greenglass, Н.М.Воищева, А.И.Ерзин, Е.С.Старченкова және т.б.). Проактивті копинг – күйзеліспен алдын ала түрде күресу – бұл туындаған күйзелістің салдарын жоюға ғана емес, сонымен бірге болашақ күйзелістерге қарсы тұруға қажетті ресурстарды жинақтау арқылы дағдарыстың ықтималдылығын болдырмайтын белсенді әрекет. Дегенмен, қазақстандық жоғары білім саласында проактивті копинг бойынша зерттеулер жүргізілген жоқ.

Академиялық күйзелісті бастан кешіру және оны жеңу тақырыбы бойынша жасалған зерттеулерді талдау қазақстандық психологиялық-педагогикалық қауымдастық бұл проблеманы елеусіз қалдырады деген көңіл көншітетін қорытынды жасауға мәжбүр етеді. Бұл мәселені терең зерттеу қажеттілігін көрсететін көптеген эмпирикалық деректерге қарамастан, академиялық күйзеліске қазақстандық медиктердің педагогикалық-психологиялық ғылым өкілдеріне қарағанда көбірек көңіл бөлетіні белгілі болды. Дегенмен, күйзеліс оқушының соматикалық ғана емес, психикалық денсаулығына да зиянын тигізетіні сөзсіз. Академиялық күйзелістің психологиялық салдары терең, көбінесе бейсаналық сипатта болады, және күйзелісті жеңе алмау жағдайында қайтымсыз болып кетуі мүмкін.

Қазіргі уақытта отандық әдебиетте академиялық күйзеліс тақырыбын қозғайтын аздаған еңбектер көбінесе тек ғана сипаттамалау түрінде жасалынған және студенттердің аз контингентімен шектелінеді. Әртүрлі бағыттарда, курстарда немесе оқудың әртүрлі формалары бойынша оқитын

студенттерге тән күйзелістің факторлары мен детерминанттарын айқындауға арналған зерттеулер жоқ. Маңызды әдістемелік негіздемемен және жүйелі эмпирикалық зерттеулермен расталған оқуда қиындықтарға тап болған студенттерге психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бағдарламаларын ұсынатын жұмыстар да өте аз.

Осылайша, диссертациялық зерттеу мәселесінің өзектілігі келесі **қарама-қайшылықтарға** байланысты:

- студенттер арасындағы академиялық күйзеліс құбылысын терең талдау қажеттілігі және осы мәселе бойынша кешенді жүйелі эмпирикалық және теориялық зерттеулердің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық;

- оқудағы қиындықтарды жеңуге тиімді көмек көрсету қажеттілігі және күйзелістік жағдайдағы студенттерге психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсетудің мақсатты, ғылыми түрде негізделген, іс жүзінде тексерілген тәсілдінің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық;

- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тұрғысынан жоғары оқу орындарының мүмкіндіктері және қиындықтарға тап болған студенттерді сүйемелдеу үдерісінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыздығының жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық.

Осы қарама-қайшылықтар және оларды шешудің дәлелді жолдарын іздестіру қажеттілігі біздің зерттеуіміздің **мәселесін** айқындады.

Мәселенің өзектілігін, жеткіліксіз зерттелуін және осы мәселені шешу жолдарын іздеуге деген ұмтылысымызды ескере отырып, осы зерттеудің тақырыбын **«Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу контекстіндегі студенттердің академиялық күйзелісті жеңу стратегиялары»** деп алдық.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз зерттеудің нысанын, пәнін, мақсатын, болжамын және міндеттерін анықтадық.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнының оқу процесі.

Зерттеу пәні: студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделін және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын теориялық түрде негіздеу және эксперименталды түрде тексеру.

Зерттеудің болжамы: егер студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделі және проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасы университеттің оқу процесіне енгізілсе, онда бұл студенттердің тұлғалық ресурстар дамуына оң әсер етеді, өйткені студенттер күйзелістің алдын алуға және оны жеңілдетуге қажет білім, икемділіктер мен дағдыларды игереді.

Зерттеу міндеттері:

1. Академиялық күйзелісті құбылыс ретінде зерттеулердің қалыптасуына және қазіргі жағдайына талдау жасау.

2. Күйзеліспен проактивті күресу жүріс-тұрысының мәнін ашу және оның ресурстарын анықтау.

3. Академиялық күйзеліспен күресудің психологиялық-педагогикалық

сүйемелдеуіне байланысты теориялық тәсілдерін анықтау.

4. Университет студенттерінің проактивті копинг-ресурстарын зерттеу.

5. Студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделінің және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік түрде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру процесі проактивті копингке негізделген моделін және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын ескере отырып жүзеге асырылуы керек.

Диссертациялық зерттеудің **әдіснамалық негізі:** тұлға психологиясындағы ресурстық көзқарас (J.D.Brown, E.C.Poulton, M.J.Posner, Л.А.Александрова, Е.Ф.Зеер); күйзеліске деген регуляторлық көзқарас (D.Broadbent, А.Б.Леонова, А.С.Кузнецова); субъектілік-әрекеттік көзқарас (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.В.Брушлинский); интегративті көзқарас (R.H.Moss, J.A.Schaefer); тұлғаны зерттеуге деген жүйелі көзқарас (Б.Ф.Ломов, В.А.Ганцен, К.К.Платонов); әртүрлі іс-әрекеттегі күйзеліспен күресуді зерттеуге деген көзқарастар (В.А.Бодров, Л.А.Китаев-Смык, Н.Е.Водопянова).

Сонымен қатар, зерттеудің **теориялық негізіне** күйзелістің классикалық теориясы (H.Selye); проактивті копинг теориясы (L.G.Aspinwall, S.Hobfoll, E.R.Greenglass, В.М.Ялтонский, Е.С.Старченкова); копингтің когнитивтік-транзакциялық концепциясы (R.S.Lazarus, S.Folkman, N.Endler); күйзелісті жеңу психологиясының ережелері (Л.И.Анцыферова, Т.Л.Крюкова, С.К.Нартова-Бочавер); академиялық күйзеліс концепциясы (В.Кuo); психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тұжырымдамасы (М.Р.Битянова, Е.А.Козырева, Т.И.Чиркова) жатады.

Зерттеу көздері: философтардың, психологтардың, педагогтардың, медиктердің зерттелініп отырған мәселе бойынша еңбектері, білім беру саласындағы ресми үкіметтік материалдар мен нормативтік құжаттар, сондай-ақ өзіндік педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесі.

Келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- теориялық әдістер: зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге аналитикалық шолу жасау;

- диагностикалық әдістер: бақылау, әңгімелесу, интервью, сауалнамалар («Оқушының стресс-тесті» (Ю.В.Щербатых); «Студенттік күйзелістің сауалнамасы» (диссертация авторы бейімдеген С.S.Crandall сауалнамасы); «Әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейінің диагностикасы» (А.К.Осницкий бейімдеген С.Rogers және R.Dumont сауалнамасы); «Іс-әрекетті өзіндік ұйымдастыру сауалнамасы» (Е.Ю.Мандрикова бейімдеген M.Bond және N.Feather сауалнамасы); «Эмоционалды интеллект» (Д.В.Люсин); «Оқу стильдері сауалнамасы» (А.Д.Ишков пен Н.Г.Милорадова бейімдеген P.Honey және A.Mumford сауалнамасы); «Оқу стратегиялары» (Т.А.Дворникова мен С.Н.Костромина), «Студенттердің психологиялық жай-күйінің сауалнамасы» (диссертация авторы бейімдеген G.Williams сауалнамасы); «Күйзеліске қарсы проактивті жүріс-тұрыс» (Е.С.Старченкова бейімдеген E.Greenglass сауалнамасы); жалпы оқу өнімділігін (GPA) талдау және т.б.;

- статистикалық әдістер: корреляциялық талдау, Varimax айналуымен негізгі компоненттер әдісі арқылы факторлық талдау; кластерлік талдау; дисперсиялық талдау; Пирсон, α -Кронбах коэффициенттерін анықтау; Фишер, Манн-Уитни, Вилкоксон, Бонферрони және т.б критерийлерін талдау. Статистикалық мәліметтерді өңдеу үшін «SPSS 23.0» нұсқасындағы «Statistical Package for the Social Science» статистикалық бағдарлама пайдаланылды;

- ұйымдастыру әдістері: салыстырмалы және шағын лонгитюдты әдістер, анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау эксперименттерін ұйымдастыру;

- жоба әдістері: студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделін және проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын дайындау.

Диссертациялық зерттеудің **зерттеу базасы**: зерттеу академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізілді; зерттеуге философия және психология, экономика, заң, химия, физикалық-техникалық, шет тілдері факультеттерінің студенттері қатысты.

Эмпирикалық зерттеулердің әрбір циклында қойылған міндеттерге сәйкес сыналушылардың әртүрлі топтары құрылды. Ағылшын тіліндегі сауалнамаларды бейімдеу циклында әртүрлі курстар мен факультеттердің 662 студенті қатысты. Проактивті копинг-ресурстарын эмпирикалық зерттеу циклына 443 студент қатысты. Студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделін және проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын тексеру үшін бақылау және эксперименталды топтар құрылды, барлығы 105 адам. Зерттеуге қатысқан студенттердің жалпы саны 1210 адам.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Зерттеудің бірінші кезеңі (2019-2020 жж.) теориялық-зерттеу кезеңі болып табылады, оның барысында академиялық күйзелісті құбылыс ретінде зерттеулердің қалыптасуына және қазіргі жағдайына байланысты және күйзеліспен проактивті күресу жүріс-тұрысы мен оның ресурстарына байланысты мәліметтерге талдау жасалынды; академиялық күйзеліспен күресуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің теориялық тәсілдері қарастырылды. Студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделі және проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасы әзірленді.

Зерттеудің екінші кезеңі (2020-2021 жж.) – эмпирикалық кезең – үш зерттеу циклдарынан тұрады. Эмпирикалық кезеңнің бірінші циклы екі шетелдік диагностикалық құралды орыс тілді студенттерге бейімдеу және олардың психометриялық қасиеттерін тексеру мақсатында жүргізілді. Эмпирикалық кезеңнің екінші циклында академиялық күйзелістің предикторлары анықталды, проактивті копингтің ресурстары айқындалды, күйзеліспен күресудің тиімділігіне әсер ететін психологиялық-педагогикалық шарттар мен факторлар талданды. Эмпирикалық кезеңнің үшінші циклі педагогикалық эксперимент жүргізу үшін ұйымдастырылды (анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері).

Зерттеудің үшінші кезеңі (2021-2022 жж.) аналитикалық кезең болып

табылады, оның барысында теориялық және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерін талдау, мәнін түсіну, жүйелеу және жалпылау жүзеге асырылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы төмендегідей:

1. Академиялық күйзелісті құбылыс ретінде зерттеулердің қалыптасуы мен қазіргі жағдайы талданды.

2. Күйзеліспен проактивті күресу жүріс-тұрысының мәні ашылып, оның ресурстары анықталды.

3. Академиялық күйзеліспен күресуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің теориялық тәсілдері анықталды.

4. Университет студенттерінің проактивті ресурстары зерттелді.

5. Студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделінің және проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік түрде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеу және университеттің оқу үрдісіне енгізу барысында алынған нәтижелерді пайдалану мүмкіндігінде тұрады, оның ішінде:

- психодиагностикалық әдістер: «Студенттердің психологиялық жай-күйінің сауалнамасы» (01.02.2022 ж., № 23194 авторлық куәлік), «Студенттік күйзелістің сауалнамасы» (01.02.2022 ж., № 23196 авторлық куәлік);

- академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Білім беру әрекетін психологиялық сүйемелдеу орталығының жұмысына енгізілген проактивті копинг-ресурстарын дамыту тренингінің бағдарламасы (31.01.2022 ж., № 231164 авторлық куәлік);

- «Психометриялық тестілеу» атты ЭЕМ-ге арналған бағдарлама (03.09.2021 ж., № 20062 авторлық куәлік);

- 6B03106 - «Психология» білім беру бағдарламасына арналған «Академиялық күйзеліс психологиясы» атты арнайы курс;

- «Академиялық күйзеліс психологиясы» атты арнайы курс бойынша оқу бағдарламасы (SYLLABUS);

- «Академиялық күйзеліс психологиясы» атты арнайы курс бойынша электронды дәрістер,

- «Академиялық күйзеліс психологиясы» атты арнайы курс бойынша слайдтық презентациялар.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Күйзелісті зерттеудің үш бағыты бар: гомеостатикалық, экологиялық, транзакциялық. «Студенттердің академиялық күйзелісі» ұғымы – білім беру мақсаттарына жетуге, қиын оқу жағдайларын жеңуге байланысты оқу әрекетінің ерекше жағдайлары мен талаптары аясында пайда болатын және студент үшін субъективті өте маңызды, оның ресурстарынан айтарлықтай асып түсетін түрде көрінетін психофизиологиялық шиеленістің ерекше күйі.

2. Проактивті копинг – субъектің және қоршаған ортаның ресурстарын пайдаланатын, болашаққа бағытталған, күйзеліс оқиғаларды тиімді болжауға және оларды жеңуге мүмкіндік беретін, олардың туындау ықтималдығын барынша азайтатын саналы болжамды копинг әрекеті. Күйзеліспен тиімді күресу үшін проактивті копинг-ресурстар маңызды рөл атқарады – стрестің алдын алу және жеңілдету үшін адам қолданатын қоршаған орта мен тұлға сипаттамаларының, білімдер, икемділіктер мен тиімді оқу дағдыларының жүйесі.

3. Академиялық күйзеліспен күресуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің бейімделу, кәсіби даму және акмеологиялық тәсілдері бар. Академиялық күйзеліс жағдайында қолдаудың ең тиімді түрі – проактивті копингке негізделген сүйемелдеу. Академиялық күйзеліс жағдайындағы студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тиімділігінің критерийлеріне психикалық және денелік әл-ауқаттың жақсаруы, оқу мотивациясын күшеюі, оқу үлгерімі мен студенттердің әлеуметтік бейімделуінің артуы жатады.

4. Университет студенттерінің проактивті күресу жүріс-тұрысының негізгі ресурстарына рефлексиялық, мотивациялық-еріктік, когнитивтік-әрекеттік, аффективтік және әлеуметтік ресурстар жатады.

Рефлексиялық ресурс - күйзеліске қарсы тұру әлеуетін объективті бағалау, өзінің жүріс-тұрысы пен жеке қасиеттерін күйзеліске қарсы тұруға мүмкіндік беретін факторлар ретінде талдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін рефлексиялық реттеу жүйесі.

Мотивациялық-еріктік ресурс – күйзелісті жеңуге байлынысты әрекетті белсенді түрде өзгертуге бағытталған тұлғаның саналы түрде өзін-өзі детерминациялау қабілетін қамтамасыз ететін мотивациялық және ерікті сипаттамалар жүйесі.

Когнитивтік-әрекеттік ресурс – потенциалды күйзелісті тиімді бағалауға, оның нәтижесін болжауға және оны жеңу әрекетін жоспарлауға ықпал ететін интеллектуалдық қабілеттердің, оқу стратегиялары және белсенділікті ұйымдастыру дағдыларының жиынтығы.

Аффективті ресурс – жағдайды аффективті түрде бағалауды, күйзелісті болжау және жеңу үшін эмоционалдық ақпаратты пайдалануды қамтамасыз ететін эмоционалдық сипаттамалар жүйесі.

Әлеуметтік ресурс – күйзеліске қарсы тұрудың конструктивті стратегияларын таңдауды қамтамасыз ететін тұлғаның коммуникативті қасиеттері және оның әлеуметтік ортасы ерекшеліктерінің жүйесі.

5. Студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделіне мақсаттық блок (күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру); концептуалды блок (әдіснамалық тәсілдер мен принциптер; күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары, күйзеліспен күресу жүріс-тұрысына байланысты оқу әрекетінің факторлары); процессуалды блок (күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру бойынша іс-әрекеттің кезеңдері мен нысандары); нәтижелі блок (күйзеліспен күресу жүріс-тұрысы қалыптасқан студенттер)

кіреді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасы – студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыруға бағытталған проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешені.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендірілуі. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері, нәтижелері мен қорытындылары тұрақты түрде кафедра мәжілістерінде және академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізілетін ғылыми-әдістемелік семинарларда талқылауға ұсынылды. Диссертация материалдары ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда («Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы», «Педагогика ғылымдары» сериясы, 2019; «Қарағанды университетінің хабаршысы», «Педагогика» сериясы, 2020; «ҚазҰУ хабаршысы», «Психология және әлеуметтану» сериясы, 2021; «Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы», «Психология» сериясы, 2021; «Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы», «Педагогика және психология» сериясы, 2021); халықаралық конференциялар материалдарында (Алматы, 2020; Мәскеу, 2020); «Scopus» деректер базасына шығатын ғылыми журналда («International Journal of School & Educational Psychology», 2022) көрініс алды.

Зерттеу нәтижелерінің шындығы мен негіздемелілігі:

- диссертациялық зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі болған отандық және шетелдік дереккөздердің жеткілікті санына сүйенумен;

- психометриялық қасиеттері дәлелденген және әлемдік зерттеу тәжірибесінде кең қолданылатын психодиагностикалық құралдарды қолданумен;

- зерттелетін таңдаудың жеткіліктілігі мен репрезентативтілігімен;

- эмпирикалық деректерді өңдеу және олардың статистикалық сенімділігін растау үшін қолданылатын зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін математикалық және статистикалық әдістерді қолданумен;

- диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелердің басқа зерттеушілердің теориялық ережелерімен және эмпирикалық деректерімен сәйкестігімен қамтамасыз етіледі.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Әдебиеттер тізімінде 216 дереккөз бар, оның 126 орыс тілінде, 86 ағылшын тілінде, 1 – неміс тілінде. Диссертациялық зерттеу мәтіні 175 бетте берілген, 24 кесте мен 16 сурет бар.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі мен таңдалуы негізделеді; оның нысаны мен пәні айқындалады; ғылыми зерттеудің мақсаты, болжамдары, міндеттері және жетекші идеясы негізделеді. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі, оның әдістері, кезеңдері мен тәртібі сипатталады. Кіріспеде зерттеудің эмпирикалық базасы ұсынылады; оның ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделіп, қорғауға шығарылатын негізгі қағидалары ашылады. Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу туралы,

оның нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі туралы мәліметтер қамтылады және диссертацияның құрылымы сипатталады.

«Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу контекстіндегі академиялық күйзеліспен күресудің теориялық негіздері» атты диссертацияның бірінші тарауында академиялық күйзелісті зертеулердің қалыптасуы мен қазіргі жағдайы талданады. «Академиялық стресс» ұғымының авторлық түсінігі беріледі. Проактивті күресу жүріс-тұрысының түсінігі, күресу ресурстарының рөлі негізделеді, проактивті күресуді қамтамасыз ететін ресурстар сипатталады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің теориялық тәсілдері қарастырылады. Проактивті копинг концепциясына негізделген академиялық күйзеліс жағдайында студенттерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәні сипатталады.

«Жоғары оқу орны студенттерінің күйзелісті проактивті түрде жеңудің ресурстары» атты екінші тарауда зерттеудің процедурасы мен әдістемелік құралдары көрсетіледі, диагностикалық құралдардың сипаттамасы беріледі. Шетелдік диагностикалық әдістерді бейімдеу процесі мен нәтижелері көрсетіледі. Студенттердің өмірлік күйзелістерін эмпирикалық зерттеудің деректері, академиялық күйзелістің предикторлары, оның спецификалық ерекшеліктері түсіндіріледі. Күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын зерттеу нәтижелері, оның тиімділігі мен ресурстары сипатталынады. Проактивті копинг күйзелісті жеңудің ең тиімді түрі екені дәлелденеді. Студенттердің академиялық күйзеліс жағдайында тиімді күресуін қамтамасыз ететін проактивті копинг-ресурстардың тізімі нақтыланады.

«Студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделінің және проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік түрде тексеру» атты үшінші тарауда студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделі және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасы сипатталады. Студенттердің академиялық күйзеліспен күресу жүріс-тұрысын қалыптастыру моделінің және проактивті копингке негізделген психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасының тиімділігін зерттеудің ұйымдастырылуы, әдістері мен нәтижелері көрсетіледі.

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері келтіріледі және әдістемелік ұсынымдар беріледі.

Қосымшада автордың орыс тіліндегі студенттерге бейімдеген психодиагностикалық сауалнамалары, эксперименттік деректер кестелері, авторлық куәліктер, диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу актілері, проактивті копинг-ресурстарды дамытуға арналған тренингтің сипаттамасы ұсынылады.